

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 11 қаңтардағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 қаңтарда № 5155 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ірі қара малдың арасынан бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізуіне байланысты, Егіндібұлақ ауылдық округінің Егіндібұлақ ауылындағы Балқантау көшесі аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 05 қыркүйектегі № 03 "Егіндібұлақ ауылдық округінің Егіндібұлақ ауылындағы Балқантау көшесі аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 4936 болып тіркелген, 2018 жылғы 15 қыркүйектегі № 37 (11681) "Қарқаралы" газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2018 жылы 18 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Егіндібұлақ ауылдық округінің әкімі

М. Мадикенова

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы
министрлігі ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық
аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің
басшысы*

Т.Ж. Көпжасаров

11 қаңтар 2019 жыл